

Шардара ауданының пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 8 маусымдағы № 301 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 25 маусымда № 4645 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 15 шілдедегі № 172 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 15.07.2020 № 172 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18 бабының 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18 бабының 1-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2-тармағына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9 бабының 7), 8), 9), тармақшаларына сәйкес, Шардара ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы 2 қосымшаға сәйкес белгіленсін

3. Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы 3 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

4. Шардара ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 28 ақпандағы № 89 "Шардара ауданының пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және ата-анасынан кәмелеттік жасқа

толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4476 нөмірімен тіркелген, 2018 жылғы 30 наурызда "Шартарап-Шарайна" газетінде және 2018 жылғы 29 наурызда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

5. "Шардара ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкімдік қаулысы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Шардара ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Шардара ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Шомпиевке жүктелсін.

7. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б.Кистауов

Шардара ауданы әкімдігінің
2018 жылғы "8" маусымдағы
№ 301 қаулысына 1 қосымша

Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындары квотасы белгіленетін Шардара ауданы ұйымдарының тізімі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 16.01.2020 № 9 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

				Пробация қызметінің есебінде
--	--	--	--	------------------------------------

№	Ұйым атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квотаның мөлшері (% жұмыскерлердің тізімдік саны)	тұрған адамдар үшін жұмыс орындарының саны
1.	Шардара ауданы әкімдігінің Шардара аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің "Шардара аудандық мәдениет сарайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	86	1	1
2.	Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының "Шардара аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	920	1	5
3.	Шардара ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Шардара сервис" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	49	1	1
4.	Шардара ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Шардара жасыл аймақ" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	47	1	1
5.	Шардара ауданы әкімдігі ветеринария бөлімінің "Шардара аудандық ветеринарлық қызметі" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	90	1	1
6.	"Шардара су электр стансасы" акционерлік қоғамы	158	1	1
7.	"Хамит" ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі	250	1	2
8.	"Шардара-балық-1" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	40	1	1
9.	Жеке кәсіпкер "Жалғасбаев"	40	1	1
10.	"Оңтүстік жарық Транзит" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Шардара филиалы	103	1	1
11.	Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Шардара орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	70	1	1
	Барлығы	1853		16

Шардара ауданы әкімдігінің
2018 жылғы "8" маусымдағы
№ 301 қаулысына 2 қосымша

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квотасы белгіленетін Шардара ауданы ұйымдарының тізімі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 16.01.2020 № 9 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Ұйым атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квотаның мөлшері (% жұмыскерлердің тізімдік саны)	Б а с бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының саны
1.	Шардара ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Шардара жасыл аймақ" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	47	1	1
2.	Шардара ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Шардара сервис" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	49	1	1
3.	Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының "Шардара аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	920	1	2
4.	Шардара ауданы әкімдігінің Шардара аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің "№ 2 Шардара аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	112	1	1
5.	Шардара ауданы әкімдігінің Шардара аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің "№ 1 Шардара ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	76	1	1
6.	"Хамит" ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі	250	1	1
	Барлығы	1454		7

Шардара ауданы әкімдігінің
2018 жылғы "8" маусымдағы
№ 301 қаулысына 3 қосымша

Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленетін Шардара ауданы ұйымдарының тізімі

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 16.01.2020 № 9 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квотаның мөлшері (% жұмыскерлердің тізімдік саны)	Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын, жастар қатарындағы азаматтар үшін жұмыс орындарының саны
1.	Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының "№ 16 Колледж" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	154	1	1
2.	Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының "Мәулен Қалмырза атындағы № 3 мамандандырылған мектеп-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	140	1	1
3.	Шардара ауданы әкімдігі Шардара аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Шардара аудандық балалар мен жасөспірімдер футбол мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	50	1	1
4.	Шардара ауданы әкімдігінің Шардара аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің "№ 2 Шардара аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	112	1	1
5.	Шардара ауданы әкімдігінің Шардара аудандық білім бөлімінің "Шардара аудандық оқушылар үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	79	1	1
	Шардара ауданы әкімдігінің Шардара аудандық білім бөлімінің "Шардара			

6.	балалар саз мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	72	1	1
7.	"Хамит" ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі	250	1	1
	Барлығы	857		7

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК